



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

25 ақпан
сенбі

№16 (1923)

2023 ЖЫЛ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

99 ЖОБА: ҚАЛАДА БІРАЗ МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕК

Биыл қалада ауқымды жобалар жүзеге асырылмақ. Аталған жобалар жүзеге асса, тұрғындар көкейінде жүрген бірқатар мәселелер оң шешімін табады. Бұл жөнінде қала әкімі Асылбек Шәменов қалалық қоғамдық кеңес отырысында баяндады.

Есепті кездесуге қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, кеңес мүшелері, қала әкімінің орынбасарлары, ауыл және кент әкімдері, сала басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Қала басшысы көпшіліктің көкейіндегі мәселені қозғап, елдің мүддесін қорғап, халықтың мұң-мұқтажын құзырлы орындарға жеткізуде қоғамдық кеңестің рөлі зор екенін атап өтті.



– Откен жылдың бедерінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Түрлі талқылаулар болды, нәтижесі жақсы. Оны халық бақылап отыр, – деп қала әкімі қаладағы атқарылған шараларға кеңінен тоқталды.

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛҒАН ҚАЛА

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бытыр жалпы құны 7 млрд 151,2 млн теңгені құрайтын 530 пәтерлі 15 көпқабатты тұрғын үй халық игілігіне берілді. Оған қоса облыс әкімінің бастамасымен аймақ орталығында бір мезетте қатарынан үш бірдей ғимараттың іргетасы қаланды. Оларға 1,6 млрд теңгені құрайтын неке сарайы, 3,7 млрд теңге болатын

1000 орындық көпфункционалды кешені және 2,8 млрд теңгені құрайтын облыстық қан орталығының құрылыстары жатады. Қала басшысының айтуынша, бұл ғимараттар қаламыздың саулеттік келбетіне көрік қосып, ынтымағы жарасқан тұрғындарымызға ерекше тарту болмақ.

Сонымен қатар белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығының құрылысы қарқын алды. Инфрақұрылымдық әлеуетті дамытуда Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы басталды.

Сондай-ақ қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығының да іргетасы қаланды. «Акса энерджи» түрік компаниясымен бірлескен жұмыстар 2025 жылы аяқталып, жаңа нысан ел игілігіне беріледі. Міне, сол кезде қала аумағын сапалы жылу және электр энергиясымен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік мол.

– Балалар жылы аясында облыс әкімінің бастамасымен, кәсіпкерлердің демеушілігімен қала және оған қарасты кент, ауылдық округтерге барлығы 50 ойын-спорттық алаң салынды. Сонымен бірге көпөтерлі тұрғын үй аулаларына бюджет есебінен 3 спорттық ойын алаңын салуға 52,5 млн теңге бөлініп, пайдалануға берілді, – делі қала әкімі.

2 БЕТТЕ

САЙЛАУ НАУҚАНЫ ҚЫЗА БАСТАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттары кандидаттарын тіркеу қорытындысы және сайлау науқанын өткізу мәселелері бойынша облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов БАҚ өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізді.

2 БЕТТЕ

СЫРДАН КӨМЕК: ЖҮК КӨЛІГІ ЖОЛҒА ДАЙЫН



4 БЕТТЕ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынушы кандидат Төребаев Мұхит Мұратбекұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Төребаев Мұхит Мұратбекұлы 1980 жылдың 20 ақпанында Қызылорда облысының Жалағаш ауданына қарасты Аққыр ауылында дүниеге келген.

1987-1997 жылдары Аққыр ауылындағы мектепте білім алған.

1997 жылы Қызылорда қаласындағы Қызылорда политехникалық институтының «Қала құрылысы және шаруашылығы» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2002 жылы осы оқу орнын, яғни Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2003 жылдың 9 қаңтарында «СПМК» ЖШС-де құрылыс шебері болып бастаған. 2012 жылға дейін осы серіктестікте ұчаске басшысы, жабдықтау бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған.

2012 жылдан бастап «СКИМонтаж-строй» ЖШС басшысы қызметін атқарып келеді.

2018 жылы облыс әкімінің, 2020 жылы қала әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

Отбасылы, 2 ұл, 5 қыздың әкесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірлі жерлестер! Құрметті сайлаушылар!

Мемлекет басшысының наурыздың 19 жұлдызында өтетін ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы туралы жарлығы маған қанат бітірді десе де болады. Өйткені бұл жолғы сайлау бұған дейінгі сайлаулардан мүлде бөлек. Олай дейтіміз бұл жолы партиялық тізімнен бөлек өзін-өзі ұсынғандарға да мүмкіндік беріліп отыр.

Ер жігіттің ел үшін туып, ел үшін еңбек етуі тиіс екені белгілі. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша өз кандидатуранды ұсынуды жөн санадым. Менің сайлауалды бағдарламам 7 бағыттан тұрады. Сол себепті де бағдарламамды «Жеті бағыттан тұратын жеті қағида» деп атадым.

Бірінші бағыт. Экологиялық аймаққа – лайықты қолдау.

Сыр өңірінің экологиялық ахуалы қаншалықты нашар екенін бүкіл әлем біледі. Аралдың табанынан ұшқан тұздың сонау Антарктидаға дейін жететінін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Байқоңырдың да экологияға келтіретін зарары аз емес. Оның үстіне Сырдария өзеніндегі судың жайы да дикандарды мазалап жүр. Өйткені өңтүстіктегі көршілер аса қажет кезде суды өзгені аз жібереді. Бұдан бөлек Күмкөздегі мұнай, Шиелі мен Жаңақорған аудандарындағы уран өндірісі де қоршаған ортаға зиян келмейтіндей өндірілуі тиіс. Экологиялық аймаққа қолдау ретінде берілетін барлық көмектің көлемін арттыру керек. Соның ішінде айлыққа қосылатын 30 пайыздық үстемні кемінде 50 пайызға дейін жеткізу қажет. Қазір тек Арал мен Қазалы аудандарында ғана 50 пайыз төленеді. Қызылорда облысының көлемінде түгел 50 пайыз төлейтін болса әділдік орнайды деп ойлаймын.

Екінші бағыт. Шағын және орта бизнесті дамыту.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында «Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді» деген болатын.

Шағын және орта кәсіпкерлік – елдегі жұмыссыздықты азайтудың, жеке тұлғалардың күнкөріс деңгейін арттырып, табысын молайтудың бірден-бір жолы. Мұнымен қоса, дамушы мемлекет үшін кәсіпкерлікті өрістетуді өркендетті елдермен иық тіресуге де мүмкіндік береді. Сол себепті де шағын және орта бизнесті дамытуға күш салуымыз керек. Өйткені шағын және орта бизнес дамыса, қарапайым халықтың ахуалы жақсарыды. Ал қарапайым халықтың ахуалы жақсарса мемлекеттің экономикалық жағдайы түзеледі.

Үшінші бағыт. Жол жөнделмей, ахуал түзелмейді.

Жол – экономиканың құретамыры. Жол жақсарса жүретін көлік те көбейеді. Тісініше ол көлікті тізгіндегендер экономикамызды дамытуға сеп болады. Қарапайым ғана

мысал, «Батыс Қытай–Батыс Еуропа» автобаны арқылы өтетін қаншама көлік біздің территориямызда тұрған жанармай бекеттері мен жол жағасындағы қонақүйлердің, асханалардың көмегіне жүгінеді, қызметтерін пайдаланады. Ал олардың саны артса түсетін пайданың да көлемі артады. Сол себепті жол мәселесіне ерекше ден қою керек. Бірінші кезекте «Қызылорда–Жезқазған» тас жолын халықаралық стандарттарға сәйкес қайта салу керек. Қызылорда мен Ақтөбенің арасындағы жолдың тарлығы да күрделі мәселе болып тұр. Қазір «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автобаны арқылы жүретін көліктің қарасы көп. Ал тар жол талай адамға қиындық тудырады. Жол апатына ұшырап, қаншама адам қайтыс болды. Сондықтан жол мәселесін шешу үшін Парламентте, Үкімет деңгейінде көтеруге бел будым.

Төртінші бағыт. Әр үйге таза әрі сапалы су.

Ауызсу мәселесі қай өңірді болса да басты проблемасының бірі болып тұр. Өлемнің басқа елдерін айтпай-ақ қояйық, тіпті республикамыздағы өзге аймақты да сөз етпейік, бірақ Сырдағы судың мәселесі түпкілікті шешілді дегенге сенбеймін.

Несін жасырамыз, күн жылыса болды судың қысымы азайғаны сонша, кейбір жер үйлердің өзіне ауызсу жетпей жатады. Мұндай кезде көпқабатты үйлердің жағдайы тіптен нашарлайды десек те болады. Көпқабатты үйлердің жоғарғы қабаттарына су көтерілуі қиын. Оның үстіне кей күндері судың түсі сарғыш тартатыны тағы бар. ХХІ ғасырда әр адам сапалы ауызсу тұтынуды керек деп есептеймін. Судан қысым, таршылық деген болмауы қажет. Сол себепті де бұл мәселені сайлауалды бағдарламамының бір бағыты ретінде қарастырып отырмын.

Бесінші бағыт. Әр шаңырақ газдың игілігін көруі керек.

Қызылорда облысы барлық ауданы мен қаласы түгел көгілдір отынмен қамтылған аймақ екені белгілі. Өйтсе де әзірге тек орталық өңірлері мен қала, аудандар орталығына жақын елді мекендер ғана газдың игілігін көріп отыр. Соңғы деректер бойынша әлі 40-тан астам ауыл-аймақ газға қосылуы керек екен. Осы мәселені шешуге атсалысу да өз іміміз етіп отырмын.

Алтыншы бағыт. Ауылды өркендету – елді өркендету.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі, құретамыры. Статистикалық деректерге сүйенсек, Қызылорда облысындағы халықтың 53 пайызы ауылда тұрады екен. Демек, аймақ халқының жартысынан астамы ауылды жерлерде тұрады деген сөз. Бұл өз кезегінде ауылға жағдай жасау керектігін білдіреді.

Ауылды дамыту үшін ауыл шаруашылығын ғылыммен байланыстыру керек. Халықтың басым бөлігі Жер-Анадан ырзық, несібесін алып отыр. Шынын айту керек, кеңестік заманда ақ күршіткі мекені атанған Сыр маржанын жинаудан рекордты көрсеткіштерге қол жеткізген біздің туған өлке қазір ол деңгейден көрініп келе ме? Әлде жалған шифр мен өтірік ақпар ма? Оның ақ-қарасын ажыратып жатқан ешкім жоқ. Мәселе онда емес, қазір ғылымның дамыған тұсында жаңа технологияларды пайдалану арқылы жерді құнарландырып, өнімді молынан алуға да болады. Бір ғана мысал, Ресейдің

Краснодар өлкесіндегі еңбекшілер ғалымдардың көмегімен әр гектарынан 65-70 центнерден өнім алуға қол жеткізе, АҚШ жүгері етуден алдына жан салмай келеді. Бізге де егін шаруашылығын әртараптыру қажет. Ол үшін жоғарыда атап өткенімдей шаруалар ғалымдармен бірге жұмыс істесе, ісі нәтижелі, тірлігі берекелі болмақ.

Ауылға жағдай жасау үшін бірінші кезекте жұмыссыздық мәселесін шешу керек. Ол үшін ауылды жердегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жағына ден қойған жөн. Себебі ауылдың адамы аудан орталығына немесе қалаға келіп шаш алдырып, моншаға түсетін, аяқ киімін жөндететін, киімін қысқартатын жағдайлар кездесіп жатады. Ауыл тұрғыны қалаға келіп-кеткеніне де қаржы жұмсайды. Ауылда аяқ киім жөндейтін шеберхана, киім тігетін шех, сан салоны, монша, көлік жуу орны, наубайхана, дәріхана сынды шағын бизнеске негізделген орталықтардың болғаны дұрыс. Бұл бір жағынан ауылды өркендетуге жасалған қадам болса, екінші жағынан жұмыссыздықты азайтуға сеп болады. Үшіншіден, ауылдың ақшасы ауылда қалады. Мәжіліс депутаты болсам осы мәселелерді шешуге, ауылды дамыту мақсатында нақты іске асатын бағдарламаларды қабылдатуға күш саламын.

Жетінші бағыт. Сапалы білім, мықты денсаулық.

Білім мықты елдің жеткен жетістігі аз емес. Ал медицинасына ден қойғандар талайдың алдын орап кетуде. Біз алыстағы АҚШ пен жұрттың бәрі таңғалатын Жапонияны мысал етуден шаршамаймыз. Бірақ неге ғылыммыз бен медицинамыз сол елдердің деңгейіне жеткізбейміз? Әлде бізде маман тапшы ма? Мүмкін білім мен медицинаға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейтін шығар?

Израиль мен Түркияны айтпағанның өзінде көрші Қытай мен Өзбекстанның медицинасын мақтайтындар көп. Демек, жақсы деген сөз.

Назарға алынып отырған салаларға аз көңіл бөлінеді деп айта алмаймын. Үкімет мүмкіндігінше қолдау көрсетіп келеді. Бір ғана мысал, дәрігерлер мен мұғалімдердің айлығын көтерді. Тәуелсіздік жылдары Қызылорда облысында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынды. Алдағы уақытта жайлы мектептер салынбақшы. Алайда білім мен денсаулық салаларындағы тарқатылмаған түйін жетіп артылады. Аталған салаларға қолдау көрсетуді де бағдарламаның бір бөлімі ретінде қарастырып отырмын.

Ардақты ағайын!

«Жеті бағыттан тұратын жеті қағидалы» бағдарламам осындай талаптарға негізделген.

Хакім Абайдың «Ақыл сенбейтін іске сенбе, ондай іске кіріспе, әуелі білім, ғылым, өнер жолын таңдап алып, естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деген сөзі бар. Осы күнге дейін жеткен жетістігіміз бәріне еңбек арқылы жетіп, тәжірибе жинақтап, білімді толықтырып келеміз. Енді сол білім мен тәжірибені еліміз жұмсайтын уақыт жеткендей. Сондықтан да Мәжіліс депутаты болуға бел байладым.

Халық қолдаса, сенімді ақтауға күш саламын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№13 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлы 1966 жылы 8 сәуірде Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келгенмін. 1983 жылы Қызылорда қаласындағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепті бітірдім. 1983-1990 жылдары Алматы Сәулет-Құрылыс институтын «Инженер-технолог» мамандығы бойынша, 2005 жылы Қызылорда Инженерлік-Экономикалық институтын «Қаржы бакалавр» мамандығы бойынша бітірдім.

1984-1986 жылдары Совет Армиясы қатарында болдым. 1990 жылдан бастап Қызылорда қаласында Жиһаз фабрикасында шебер болып бастап, кейін инженер-технолог, техника өндірісінің бөлім башысы, фабрика директоры болдым.

1997 жылы жиһаз фабрикасының құлдырауынан кейін, «Асар» ЖШС мекемесін құрып, жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсіп цехын аштым. Қазіргі таңда «Асар» ЖШС мекемесі қанатын кеңге жайып, Қызылорда қаласындағы ең ірі құрылыс мекемесінің бірі болып саналады.

2004-2005 жылдары Қазақстан Республикасының «Ең үздік жыл кәсіпкері» және облыстық байқауда шағын кәсіпкерлікті дамыту саласында ІІ дәрежелі дипломымен және «Алтын сапа» байқауында «Тұрғындарға ең үздік тауар» номинациясымен марапатталдым.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда Министрлігінен «Өндіріс саласындағы үздік кәсіпкер» дипломын алдым.

2007 жылы Қызылорда қаласының Мәслихат депутаты болып сайландым.

2008 жылы «Жылдың Қалаулысы» номинациясының сертификаты берілді.

2011 жылы Қызылорда қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуына үлес қосқаны үшін «Қызылорда қаласына 190 жыл» мерекелік медалімен марапатталдым.

2012 жылы екінші рет Қызылорда қаласының мәслихат депутаты болып сайландым.

2013 жылдан бастап Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының аймақтық кеңесінің мүшесі, І, ІІ съезінің делегаты болып сайландым. ҰКП төрағасынан ҚР-ның экономикалық жағдайын

көтергеніне үлес қосқаны үшін және жоғарғы кәсіби деңгейі үшін «Құрмет» грамотасымен», 2014 жылы Қызылорда облысының әкімінің шағын және орта бизнесті дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатымен марапатталдым.

2015 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін алдым.

2016 жылы «Құрметті құрылысшы» атағы берілді.

2017 жылы «Жылдың үздік құрылысшысы» номинациясын алдым.

2018 жылы «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

2022 жылы «Құрмет» орденімен марапатталдым. Отбасылымын, 3 баланың әкесімін, екі немерем бар.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда облысы мәслихатының депутаты болған жағдайда төмендегі жұмыстарды жүзеге асыруды жоспарлаймын;

1. «Ауыл-ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылатын жұмыстардың жүйелі жүруін қадағалау;

2. Жеміс-жидек, көкөніс бағаларын төмендету мақсатында ауылдық елді мекендерде егін егуге ынталандыру, оны тұтынушыға тікелей жеткізу тетіктерін онтайландыру;

3. Ауылдық елді мекен тұрғындарын жұмыспен қамтуға мән беру. Кәсіппен, егінмен айналысуына жеңілдіктер қарастыру. Пайызы төмен несие беру, жанар-жағармайды төмендетілген бағамен алуға қол жеткізу, субсидия беру т.б.;

4. Күз айларында ауыл шаруашылығы өнімдерінің арзан кезінде оларды шаруалардан сатып алып, қоймаларда сақтап, қыс мезгілінде сату жұмыстарын ұйымдастыру. Жақсы, талапқа сай қоймалар салуды іске асыру.

5. Ауылды елді мекендерде кезек күттірмейтін әлеуметтік нысандарды салуға қаржы бөлуге ықпал ету;

6. Әлеуметтік әлсіз топ өкілдеріне көңіл бөлу, мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктерден тыс қалмауын бақылау;

7. Жастар арасындағы қылмыс, құқық бұзушылықтың алдын-алу шараларын жүзеге асыру, бос уақытын тиімді пайдалану жұмыстарын ұйымдастырылуына қолдау көрсету;

8. Қаладағы бұрын салынған ескі үйлер аулаларын абаттандыру, заман талабына сәйкес қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуіне атсалысу;

9. Сайлаушылар ұсыныстарын жинақтап, оның орындалуына жұмыс жасау, тұрақты қабылдаулар мен кездесулерді өткізіп отыру;

10. Жаңа жұмыс орындарының ашылуына, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына күш салу, қоғамдық ұйымдармен байланыста болу;

11. Көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын жақсарту жолдарын ұсыну, жүзеге асыру, ортаның экологиялық хал-ахуалын жақсартуға жұмыстар жасау.

Құрметті сайлаушы!

Қазақтың түп-негізі ауылмен байланысты. Ауылды өркендету бүкіл елді өркендетумен тең. Сол себепті де сіздерді маған дауыс беруге шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

САЙЛАУ НАУҚАНЫ ҚЫЗА БАСТАДЫ

Облыс бойынша барлығы 516 сайлау комиссиясы орналасқан, онда 3382 комиссия мүшесі қызмет етеді. Оның 9-ы аумақтық (63 адам), 134-і округтік (670 адам), 373-і учаскелік (2649 адам) сайлау комиссиясы. Жалағаш және Сырдария аудандарында құрылған облыстық округтердің шекарасы әкімшілік бірлік аумағының шекарасымен тұспа-тұс келуіне байланысты бұл аудандардағы округтік сайлау комиссияларының қызметін аумақтық сайлау комиссиялары атқарады. Учаскелер мен округтердің комиссия құрамы, орны мен шекаралары мерзімді баспасөз басылымы мен әкімдіктің ресми сайтына жарияланды. 18 ақпан күні кандидаттарды тіркеу аяқталды, – деді Ә.Ерсұлтанов.

Жалпы облыс бойынша барлығы 590 кандидат ұсынылып, бүгінгі таңда 520 азамат тіркелді. Ә.Ерсұлтановтың айтуынша, Парламент Мәжілісіне ұсынылған 15 кандидаттың 10-ы (оның ішінде 6-ы өзін-өзі, 1-і қоғамдық бірлестік, 3-партия тарапынан ұсынылды) тіркелген. 2 азаматтың өз өтініші негізінде құжаттарын тіркемеді. 3 азамат құжаттарын толық ұсынбады.

Сонымен, облыстық мәслихатқа барлығы 115 азамат тіркелді. Оның ішінде бірмандаттық негізде 49 азаматқа, партиялық тізіммен 66 кандидатқа («AMANAT» – 34, Ақ жол – 13, «Ауыл» – 4, «КХП» – 4, «Байтақ» – 4,

«Республика» – 7 азаматқа) тіркеу куәлігі берілді. Ал қалалық мәслихатқа 81 азамат, аудандық мәслихатқа 314 азамат тіркелді. Орташа алғанда бір мандатқа 3,3 адамнан келеді. Ең үлкен бәсекелестік – 4 округте, бір орынға 5 адамнан келеді (1-і Арал, 3-і Жанакорған аудандарында).

Тіркелген кандидаттардың 378-і ер, 68-і әйел. Ең жас кандидат 2001 жылғы, ең үлкені 1957 жылғы. Өз өтініші негізінде 58 үміткер құжаттың кері қайтарып алды. Оның ішінде Мәжіліс – 2, облыстық мәслихат – 9, қалалық және аудандық мәслихат – 47.

Қазіргі таңда қала, аудан көлемінде 215 ақпараттық билборд ілінді. Сайлау туралы ақпараттардың ашықтығын қамтамасыз ету үшін Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының фейсбук және инстаграм желісінде арнайы аккаунттар ашылып, ақпараттармен толықтырылуына қамтамасыз етіледі. Мұнан бөлек, telegram-бот және «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы тексеру мүмкіндіктері қолжетімді.

Сайлау науқанында азаматтар дауыс беру учаскесін нақтылау үшін 20 қаңтардан бастап, «Өзіндік сайлаушылар тізімінен тексеру» сервисі іске қосылып, 109 сайл-орталығы өз жұмысын бастады. Мұнан бөлек, telegram-бот және «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы тексеру мүмкіндіктері қолжетімді.

99 ЖОБА: ҚАЛАДА БІРАЗ МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕК

Инфрақұрылымды дамыта береміз

Тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру мақсатында республикалық бюджеттен 1 млрд 430,2 млн теңге бөлініп, оған 136,2 шақырымды құрайтын жаңа электр желілері жүргізілді. «Әл-Фараби» ауданындағы ауызсумен қамтылмай қалған аумақтарға ауызсу желісін тарту үшін 241,8 млн теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 16,5 шақырымдық ауызсу құбыры тартылды. «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы тұрғын сектордың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына республикалық бюджеттен бөлінген 1 млрд 6 млн теңгеге қуаттылығы 7200 текше метр болатын 7 ұңғыма, 3 резервуардың құрылысы басталды.

– Біз осы жобаны жүзеге асыру арқылы «Бәйтерек» және қосымша Шанхай, КБИ тұрғын аудандарында орналасқан жеке тұрғын үйлерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ететін боламыз, – деді А.Шәменов.

«Сабалақ» саяжайына газ бара ма?

Газ желісі тартылмаған елді мекендердің бірі – Ақсуат ауылдық округі. Аталған округте 2022 жылы республикалық бюджеттен 4,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілді. Жалпы газдандыру жобасының құны 4,8 млрд теңгеге құрайды. Ағымдағы жылдың сәуір айында ауыл



тұрғындары толықтай көгілдір отынның игілігін көреді. – Ашығын айтуымыз керек, газға қосылмаған тағы бірнеше ауылымыз бар. Оларға да нақты жобалар әзірленді. Биыл газдандыру жобасына Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай, Досан елді мекендері енді. Оған Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 662,7 млн теңге бөлінді. Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде.

Одан бөлек, демеушілік тарапынан құны 97 млн теңгеге Тасбөгет кентіндегі Сабалақ саяжайын газдандыру үшін жоба-металық құжаттамасы әзірленуде. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттен 511,2 млн теңге бөлініп, Талсуат, Қарауылтөбе ауылдық округтерінде 150 орындық ауыл клубының құрылыстары жүргізілуде. Биыл бұл нысандар пайдалануға беріледі, – деді қала әкімі.

Көпшілікке арналған көшелер мен көпірлер

Қаладағы және қалаға қарасты елді мекендердегі жолдарды жөндеуге жергілікті бюджеттен 3 млрд 200 млн теңге бөлінді. Оған жалпы ұзындығы 83,4 шақырымды құрайтын 86 көшеге орташа жол жөндеу және жол құрылысының жұмыстары жүргізілді. Айталық, 99 млн теңгеге С.Бейбарыс көшесінен «Қызылжарма» каналы Назарбаев даңғылына дейін магистральды көше құрылысы толығымен аяқталды. 35 көшеге 390 млн теңгеге қиыршық тас жол құрылысы, 50 көшеге 2,7 млрд теңгеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ бытыр бастау алған жалпы құны 225,2 млн теңге болатын Белкөл кентінде теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін аяқтауға облыстық бюджеттен биыл 125,6 млн теңге бөлініп, құрылысы жүргізілуде. Көпір жуық арада пайдалануға берілмек.

Қызылжарма каналы арқылы «Бәйтерек» ықшам ауданына қарай көпір құрылысын салуға мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз мекеме анықталды. Биыл аталған нысанды толық аяқтау үшін Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 366,7 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жақсуда.

Жаңа автобустар келді

Жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ы арқылы лизингке жаңа үлгідегі 150 автобус сатып алу жоспарланып, 100 дана бытыр жеткізіліп, тиісті және қосымша бағыттарға қосылды.

– Осы жылдың ақпан айында 31 автобус келіп, жаңа бағыттарға енгізілді. Енді наурыз айының ортасына дейін 19 транспорт жеткізілсе, межені толық орындаймыз.

Одан бөлек, 2023 жылға 1 млрд 434 млн теңгеге қосымша лизингке 150 автобус сатып алуға қаржы бағыттау үшін тиісті құжаттары рәсімделуде. Біз бұл автобустар арқылы қаладағы қоғамдық көлік қатынасындағы түйткілді мәселелерге нүкте қоятын боламыз, – деп баяндады қала басшысы.

Сонымен қатар көлік қатынасын реттеу үшін облыстық бюджеттен 164,9 млн теңге бөлініп, қала аумағындағы 10 көшеге жаңа бағдарламалар орнатылды.

Қала тазалығы – назарда

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласына қатысты санитарлық тазалық жұмыстарына қаладағы 824 көшенің 240-на жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, күнделікті тазалау жұмыстары жүргізілуде. Ал қалған көшелерді «Қызылорда тазалығы» мекемесі өз күшімен атқарады.

Тазалық мекемесінің техникалық базасын жаңғырту мақсатында облыс әкімінің қолдауымен бюджеттен 525,6 млн теңге қаражат бөлініп, өткен жылдың соңында 11 арнайы техника сатып алынды.

Қызылорда қаласын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында 487,5 млн теңгеге 33 ұңғыманы бұрғылау жұмысы жүргізілді. Қазірде қалада, оған қарасты кент және ауылдық округтерде жерасты су ұңғымалары арқылы арық жүйелеріне тіршілік нәрі жіберіледі.

Білім саласындағы жетістіктер

Облыс әкімінің тапсырмасымен, білім беру ұйымдарында орын тапшылығы мен үш ауысымдық оқытуды болдырмау мақсатында №2 мектепке 550, №101 мектепке 375 және №264 мектепке қосымша 550 орын қосу үшін қосалқы құрылысқа қажетті 1,4 млрд теңге бөлініп, жұмыс басталды.

Жеке кәсіпкерлер өз қаражаты есебінен «Сабалақ» саяжайынан 300 орындық, Шанхай шағын ауданында 1500 орындық жеке мектептің құрылысын жүргізіп, білім күнінде пайдалануға берілді. Айта кету керек, «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы 600 орындық мектеп құрылысы да жаңа оқу жылына дейін аяқталып, оқушыларды қабылдайды.

– Биыл тұрғын үй құрылысын дамытуға әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға ірі жобалар жүзеге асады. Атап айтқанда, осы жылы сол жағалаудан жалпы құны 1 млрд 604,3 млн теңгеге құрайтын 84 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үйдің іргетасы қаланады.

Өткен жылы құрылысы бастау алған жалпы құны 8 млрд 632,8 млн теңгеге құрайтын 13 тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілмек. «Сәулет» шағын ауданы, Абай даңғылы және Мұратбаев көшелерінде орналасқан тұрғын үйлердің кварталаралық жылу жүйелерін қайта жаңғыртуға республикалық бюджеттен 922,7 млн теңге бөлінді.

Ал «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында заманауи үлгідегі 8 мектеп салу жоспарлануда. Оның бесеуінің құрылысы биылғы жылы басталады, – деді А.Шәменов.

Одан бөлек, 455,5 млн теңгеге Жезказған трассасы бойынан 600 орындық, сол жағалаудан 400 орындық және 300 орындық жатақханасымен физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы жүргізіледі. Бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана салуға республикалық және облыстық бюджеттерден 3 млрд 272,4 млн теңге бөлінді. Тасбөгет кентінен дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға облыстық бюджеттен 542,1 млн теңге қаралды.

Биыл қанша көше жөнделеді?

Есепті кездесу барысында қала әкімі биылғы атқарылатын жобаларға да тоқталып өтті.

– Биыл бюджеттің барлық түрлері мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы жалпы сомасы 7 млрд 559,2 млн теңгеге қала мен оған қарасты кент және ауылдық округтердегі 231 көше жөнделеді. С.Бейбарыс көшесін (Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейін) реконструкциялауға республикалық және облыстық бюджеттен 2 млрд 349 млн теңге бөлініп отыр.

Одан бөлек, С.Бейбарыс көшесін, яғни Н.Назарбаев даңғылынан Тауелсіздік даңғылына дейін абаттандыруға 300 млн теңге қаралып, биыл құрылысы басталады, – деді қала басшысы.

Сонымен қатар 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға облыстық бюджеттен 690 млн теңге берілді. Сырдария өзенінің сол жағалауында басты көше жолының «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізімен жанастанын тұсына көлік айырығын салуға республикалық және облыстық бюджеттерден 5,7 млрд теңге бөлініп, бұл жұмыстар биыл толығымен аяқталды.



Сонғы жылдары тұрғындар арасында жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі – көпірлер құрылысы. Ф.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі құрылысына Ұлттық қор және облыстық бюджеттен 320,6 млн теңге бөлініп, алдағы айларда құрылыс-монтаж жұмыстары бастау алады.

Сонымен бірге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өтпесін салуға жоба сметалық құжаттамасын сараптама қорытындысымен әзірлеуге облыстық бюджеттен 51,2 млн теңге бөлініп, құжаттары рәсімделуде. Абаттандыру жұмыстары сол жағалаудағы Аблай хан даңғылында да жалғасын табады. Бұл жобалар облыстық бюджеттен 595,2 млн теңге бөлінген. Көпқабатты тұрғын үйлер ауласын толығымен абаттандыруға 300 млн теңге бөлінді.

– Өткен жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 555,7 млн теңге бөлініп, 11 көпқабатты тұрғын үй қайта жаңғыртылды. Бұл жұмыстар биыл да жалғасады. Яғни, 12 көпқабатты тұрғын үйді қайта жаңғыртуды жоспарлап отырмыз. Шаһарымыздың инфрақұрылымын дамытуға арналған қосымша жобаларымыз да бар. Ол үшін тиісті министрліктерге құны 44 млрд 203 млн теңгеге инфрақұрылымды дамытуға (тұрғын үй құрылысы, ауызсу және кәріз су, жол құрылысы және қайта жаңғырту, газбен жабдықтау жобалары) 68 жоба және «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша қосымша 5 млрд 385 млн теңге 31 жоба (қиыршық тас төсеу, Баймұрат ауылына дәрігерлік амбулатория, Досан елді мекеніне медициналық пункт салу, электр желісін жүргізу, жарық бағаналарын орнату, жаяу жүргіншілер жолын салу жобалары) ұсынылды. Барлығы 99 жоба, жалпы сомасы 49 млрд 588,9 млн теңгеге құрайды, – деді қала әкімі.

Қоғамдық кеңес отырысында сұрақ-жауапқа кезек берілді. Әрбір сұраққа нақты жауап берген қала әкімі тиісті сала басшыларына тапсырма берді. Сондай-ақ ол тапсырмалар назардан тыс қалмайтынын жеткізді. Ал қалалық кеңес төрағасы С.Дүйсенбаев қала әкімінің есепті кездесуіне оң бағасын беріп, сәттілік тіледі.

Ақтолық НҮРЛЫБАЙ

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

№8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына «AMANAT» партиясынан кандидат Мақашов Талғат Бақытбекұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мақашов Талғат Бақытбекұлы 1974 жылы 19 ақпанда Қызылорда қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін 1996 жылы музыка мамандығы бойынша, «Болашақ» университетін 2010 жылы экономика мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1996 жылы Қызылорда қаласындағы №4 музыка мектебінде мұғалім болып бастап, 1998-2002 жылдары №189 орта мектепте мұғалім, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. 2002-2003 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының маманы және жетекші маманы болып қызмет еткен. Одан соң 2003 жылғы ақпаннан 2005 жылғы қаңтарға дейін Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің басшысы; 2005-2006 жылдары қалалық білім бөлімінің, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің және Қызылорда облысының мәдениет басқармасының бас маманы қызметтерін атқарған. 2006-2011 жылдары Қызылорда облысының мәдениет басқармасына қарасты «Халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығының» директоры, Ескерткіштер мен мәдени мұраларды қорғау орталығы директорының міндетін атқарушы қызметтерін атқарған. 2011 жылдан бастап Қызылорда облыстық филармониясының директоры қызметін атқарып келеді. Отбасында үш ұл, бір қыз, екі немере тәрбиеленіп отыр.

Талғат Бақытбекұлы облыс мәдениетінің ортауына, халық шығармашылығының дамуына қосқан қаржысы үшін «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері атанып, Мемлекет басшының «Алғыс хатымен» және Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Қызылорда қалалық мәслихатына депутат болып сайланған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: біріміз және әрқайсымыз» үшін. Қазір және әрдайым сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысамын.

Халық қалаулысы атанып, ел мен билік арасында алтын көпір болу – үлкен жауапкершілікті жүктейтін рас. Осы мақсатта алдағы уақытта №8 сайлау округіне қарасты аймақтағы түйінді мәселелердің тиісті құзіретті орындар арқылы оң шешілуіне, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға дәнекерлік жасап, елдегі қазіргі экономикалық қиыншылық жағдайында тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсарту бағытында өзіме сенген халықтың сенімін ақтау үшін бар білімімді, жинаған өмірлік тәжірибемді қолданатын боламын.

Мемлекет басшысы: «Халықпен тиімді кері байланыс орнату білу, адамдардың зәру мәселесін шешуге жедел ден қою – мемлекеттік органдар жұмысындағы басты бағыт» – деп, халықпен тиімді байланыс орнатуға жоғары маңыз берген болатын.

Мен бұған дейін де «Мұнайшы» сайлау округінен сайланған Қызылорда қалалық мәслихатының алтыншы шақырылымында сайланған депутаты ретінде қаланың «КБИ» ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыстар атқардым.

Егер мен №8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда төмендегі бағдарлама бойынша жұмыс жүргіземін:

- №8 сайлау округіне қарасты №221, №231, №232, №236, №357 сайлау учаскелері қамтитын тұрғындардың өтініштеріне сәйкес іс-шаралар жасап, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында қаралған іс-шараны басшылыққа ала отырып, өзімнің сайлауалды бағдарламамды іске асыру мақсатында сайлаушыларға қызмет етуді жүзеге асырамын;
- 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Ұлттық жобаны» аясында өз бизнесін жаңадан бастаушы азаматтарға грант ұсыну жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- Ауыл шаруашылығын дамыту бойынша өңірде тиімді инвестициялар есебінен дамыған агроөнеркәсіптік кешенді құру, мемлекеттік қолдау шараларының артықшылықтарын барынша

арттыру, жаңа прогрессивті технологияларды енгізу, өндірісті әртараптандыру және заманауи жабдықтармен және жоғары тиімді технологиялармен жаратқандыру жұмыстарын басшылыққа алу;

- Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және фермерлер мен шаруа қожалықтарына барынша қолдау көрсету;
- Өңірдің инфрақұрылымын жақсарту мәселесі бойынша азаматтардың өмір сүру сапасын жан-жақты жақсартуды, тұрғындардың таза суға және сапалы жолдарға қол жеткізуіне ықпал ету;
- 2027 жылға дейін 82 шақырымды құрайтын 126 қала көшелерін жөндеудің жүзеге асырылуын назарда ұстау;
- 2023 жылы пайдалануға берілетін Белкөл кентіндегі темір жол арқылы жаю жүргізілетін аспалы көпірдің құрылысының сапалы аяқталуын және белгіленген мерзімде құрылысы аяқталуын бақылауда ұстау;
- Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев пен Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы «КБИ» шағын ауданына өтетін жаю жүргізілетін арналған аспалы көпірдің құрылыс-монтаж жұмыстарының барысын қадағалау, оның сапалы аяқталуын және белгіленген мерзімде тапсырылуын бақылауда ұстау;
- Округке қарасты аймаққа жаю жүргізілетін жолдарын салу;
- Тұрғын үй құрылысы және инженерлік инфрақұрылым бойынша қала тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін халықты таза сумен, жылумен қамтамасыз ету және көшелер мен аулаларды абастандыру мәселелерін шешуге ықпал ету, тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын кешенді шараларды енгізуге ықпал жасау;

- Апатты үйлерде тұратын тұрғындар үшін Жаппасбай батыр көшесіне барлығы 140 пәтерлі 3 көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын жүргізуге атсалысу (40 пәтерлі-2 үй, 60 пәтерлі-1 үй);
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша қалада жаңадан жылу-электр орталығының құрылысының салынуын назарда ұстау;
- Белкөл кентіндегі жаңадан қоныстанған ауданға электр желісін тарту жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;
- Көшеге түнгі жарық шамдарын орнату, аяқсумен қамтамасыз ету жұмыстарының оң шешімін табуын басты назарға алу;
- Белкөл кентіне Мәдениет үйі құрылысын салуға;
- №189 орта мектептің шатырын жаңалауға ықпал ету;
- Қосшынырау ауылдық округін, Абай ауылын ілесіп газбен қамтамасыз ету мақсатында бөлінген бюджет қаржысының өз мақсатына жұмсалып, толықтай игерілуіне және газдандыру жұмысының сапалы әрі мерзімінде атқарылуына бақылау жасау;
- Абай ауылында спорт кешені, жаздық спорт аландарын, балабақша салу мәселесін шешуге атсалысу;
- Досан елді мекеніндегі жаңа қоныстанған аумағындағы көшеге талапқа сай электр бағаналарын орнатуға ықпал ету;
- Досан елді мекеніне медициналық пункт құрылысының салынуын қадағалау;
- Алтынбай каналына орналасқан көпірді жөндеу мәселесінің шешілуіне атсалысу;
- Қарауылтөбе ауылында дәрігерлік амбулатория құрылысының жобалық-сметалық құжаттың әзірлеуді назарда ұстау;
- Қарауылтөбе ауылында салынып жатқан клуб үйі құрылысының жұмыстарын басшылыққа алу, жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес сапалы аяқталуын және белгіленген мерзімде тапсырылуын бақылауда ұстау;
- Қарауылтөбе ауылына кіре беріс үлкен тас жолды жарықпен қамтамасыз ету мәселесін назарда ұстау;
- Білім, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет саласында көрсетілетін қызмет түрлеріне қолжетімділікті арттыру;
- Қызылорда қаласы «КБИ» шағын ауданында 600 орындық мектеп құрылысының салынуына ықпал ету;
- Қызылорда қаласында көпфункционалды кешен «Өнер сарайының» құрылысының салынуына назарда ұстау;
- Қонабалалы аналарға, қарияларға, жетім балалар мен мүгедектер, әлеуметтік алжауз топ өкілдеріне тиісті көңіл бөлу, олардың мемлекеттің, жергілікті атқарушы органдардың тарапынан берілетін әлеуметтік жәрдемақылардан және жасалып жатқан қамқорлықтан тыс қалмауын қадағалау;
- Ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дамытудағы проблемалардың оң шешілуіне атсалысу;
- Қоғамдық қауіпсіздік мәселесі кай кезде де өзектілігін жоймайды. Қылмысқа, төтенше жағдайдың алдын алуға және оған жедел әрекет ету де тиісті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс жасау маңызды деп есептеймін.
- Қоғамдық көлік жүретін бағыттардағы туындаған мәселелердің оң шешімін табу;
- Интернет желісін ретке келтіру;
- Қызметкерлердің «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» мәселесін (МӘМС) тиімді пайдалануына мүмкіндік жасау;
- Түнгі жарық бағаналары орнатылатын көшелер жұмысын қадағалау;
- Сайлаушылар ұсыныстарын қалалық мәслихат сессияларына ұсынып, оның мемлекеттік атқарушы органдар арқылы мерзімінде шешілу жолдарын қарастыруға ықпал жасау;
- Өзіме осы міндеттерді атқаруды жүктей отырып, депутаттық мандатты қолға алған жағдайда туған қаламыздың және оның тұрғындарының болашағы үшін еңбек ететін боламын. Маған сенім артқан сайлаушылар тарапынан айтылған аманатқа адал болып, аймақтағы түйінді мәселелердің оң шешілуіне, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға дәнекерлік жасап, елдегі қазіргі экономикалық қиыншылық жағдайында қала халқының әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсарту бағытында қызмет етуге бел буамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№7 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына «AMANAT» партиясынан кандидат Әбдіғабит Әбіләзімнің сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Әбдіғабит Әбіләзім Әбіләзімұлы 1964 жылы қазан айының 24 жұлдызында, Қызылорда облысында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ.

1981 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтына түсіп, 1987 жылы осы аталған институтты «педиатрия» мамандығы бойынша аяқтадым.

1988-1991 жылдар аралығында Төменарық ауылдық аурухананда балалар дәрігері;

1991-1997 жылдар аралығында Шиелі аудандық ауруханасында хирург, бас дәрігерінің орынбасары;

1997 жылдың ақпан айынан бастап шілде айына дейін Қызылорда теміржол ауруханасында бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары;

1997-1999 жылдар аралығында Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының бірінші орынбасары;

1999-2000 жылдар аралығында Қызылорда қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі;

2000-2004 жылы Қызылорда қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансер бас дәрігері;

2004 жылдың мамыр айынан бастап облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері, 2019 жылы мекеме атауының өзгеруіне байланысты «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директоры қызметін атқарудамын.

«Қорқыт Ата» атындағы университетінің экономика факультетін сырттай оқып, 2006 жылы экономист бакалавр мамандығын қосымша игердім.

«Арал өңірінің апат аймағындағы ауыл тұрғындары денсаулығының медициналық-ұйымдастыру аспектілері» тақырыбына ғылыми еңбек жазып, қорғап медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесін иемдендім.

«Арал өңірінің апат аймағындағы ауыл тұрғындары денсаулығының медициналық-ұйымдастыру аспектілері» авторефератын, «Ұлт саудының ұлықтаған орталық» кітабы және 20 мақала мен ғылыми жұмыстардың авторымын.

34 ғылыми жұмыстарым мен 1 авторефератым баспасөз беттерінде жарияланды.

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен «Құрмет» орденімен және Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтау ісіне сіңірген айрықша еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгімен марапатталдым.

Отбасылым, жұбайым, төрт балам бар. 2022 жылдан бастап «Аманат» партиясының мүшесімін, 2020-2022 жылдар аралығында Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болдым.

Сол аралықта қалалық мәслихат депутаты ретінде қоғамның мәселелерін ұдайы қозғап, ұсыныстар жасап, пікір білдіріп келемін. Қоғамның дамуы, ел әлеуетінің артуы, әділдік пен шындықтың үстемдік құруы үшін қашанда қызмет жасаудамын.

«Бәйтерек» мөлтек ауданы тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында бірнеше өзекті мәселелердің шешілуіне: жол мәселесі, Сталин каналы үстіне көпір салуға, жеке учаскелік инспектордың тағайындалуына, жарық мәселесіне, жер учаскелерінің арендалық мерзімін ұзартуға және сапалы ауызсумен қамтамасыз етуіне, қоғамдық автокөліктің тұрғындардың сұрауы бойынша уақытылы қызмет жасауына атсалыстым.

Әрдайым мемлекеттің бағыт-бағдарын қолдап, партияның бастамаларына қосылып, халыққа игілікті істер жасауды өз борышым деп санаймын.

Өз міндетімді одан әрі жалғастыру үшін «Аманат» партиясы атынан қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде қатысуды жөн көрдім. Бұл елге еңбек етудегі азаматтық парызым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Қоғамдық мәселелерді тіндаусыз қалдырмай, ел тілегі мен ұсынысы және арыз-шағымын жіті зерделеп, халыққа тиімді бастамалар көтеріп оны жүзеге асыруға;
2. Адам денсаулығына кері әсер ететін барлық табиғи ресурстардың экологиялық зияндарын зерделеп, экологиялық мәселелерді шешуге;
3. Әлеуметтік мәселелерді, көпбалалы, жалғыз-басты аналар мен толық емес, тұрмысы төмен отбасылар және жетім балалардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында бағдарламалар жасауға;
4. Тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттауды күшейтіп, халықтың денсаулық мәселесі туралы сауатты арттыруға;
5. Қоғамдық мәселелерді шешуде Қоғамдық кеңес, Ардагерлер, Аналар, Жастар ұйымы т.б қоғам өкілдерін қатыстыра отырып партия жұмысын одан әрі жандандыруға;
6. Қаланың, ауданның инфрақұрылымын дамыту бағытында жобалардың іске асуына, оның ішінде таза ауызсу және аяқсу, қоғалдандыру, көшелерге жол салу мәселелерін шешуге;
7. Азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек алуына;
8. «Отан – отбасынан басталады» демекші, елімізде, оның ішінде өңір халқы арасында дені сау әрі үлгілі отбасы қалыптастыру бағытында түрлі шаралар ұйымдастыру мен халықтың тәжірибелі мамандар кеңестерін алуына;
9. Мемлекетіміздің жарқын болашағы, байлығы жастардың қолында. Сондықтан да жалпы тұрғындар, оның ішінде жастардың арасында аурушандықты азайту, сундид, өлім-жітім, жаракаттануды болдырмау бағытында өзімнің мамандығым мен тәжірибемді сарқа жұмсауға атсалысамын.

Бұл бағдарлама менің дода алдында ғана жазып шыққан ой-түзегім болып қалмайтындығына толықтай сенім білдірсеңдер болады. Себебі бұл бағыттағы жұмыстарды бұрыннан көтеріп, тиісті мінберлерде мәселе етіп, ой таразыма ұдайы салып, елеп-екішеп келемін.

Ендеше осы сайлауалды бағдарламама мақсат-тарымды бірге жүзеге асыратын бірден-бір мүмкіндік болмақ. Егер осы және өзге де халық игілігі жолындағы жобалар жүзеге асын десеніз, ТАҢДАУ ЖАСАҢЫЗ!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Оңдашов Нұржан Оразалыұлының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Оңдашов Нұржан Оразалыұлы 22.02.1994 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Дүр Онғар ауылында дүниеге келдім.

2011-2014 жылдары ҚМУ колледжінде «Бастауыш білім беру» мамандығын қызыл дипломмен аяқтадым.

2016-2021 жылдары Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі №30 Омар Шораяқұлы атындағы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс атқардым.

2018 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін биология мамандығы бойынша сырттай бітірдім.

2021 жылдан бері Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысының Жарлығы негізінде 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді.

Мен №8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына «AMANAT» партиясынан ұсынылдым.

Менің басты міндетім тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге, тұрмыстық жағдайын жақсартудың, кәсіпкерлікті дамыту, ауылдың көркеюіне атсалысу. Егер мен №8 сайлау округі бойынша қалалық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда сіздердің сенімдеріңізден шығып, төмендегі бағдарлама бойынша жұмыс жүргіземін:

1. Тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай он шешімдер қабылдау;
2. Округке қарасты тұрғын үйлердің су, жылу, көріз жүйелерін жаңғыртуға;
3. Тұрғындарды сапалы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік дүкен ашу бағытында жұмыс істеу.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.



№17 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Ысқақова Раушан Жәдігерқызының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Ысқақова Раушан Жәдігерқызы 16.03.1969 жылы дүниеге келдім. Қызылорда қаласы О.Нұрбабаев көшесі тұрғынымын. Екі оқу орны бітіргенім: 1988-1991 жж. Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық колледжінде оқыдым.
2005-2008 жж. аралығында Болашақ университетінде Педагогика - психология мамандығын оқыдым.
1993 жылы еңбек жолымды балабақшада тәрбиеші болып бастадым.
2000-2005 жылдар аралығында білім бөліміне қарасты мекемелерде жұмыс істедім.
2005-2015 жылдар аралығында «Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат» үйінде мұғалім-дефектолог, әдіскер болып еңбек еттім.
2015-2023 жылдар аралығында:
- Қызылорда қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің меңгерушісі;
- Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты «Сыр еркесі» балабақшасының меңгерушісі. Қазіргі таңда №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры қызметін атқарудамын.
2021 жылы Қызылорда қалалық мәслихатының VII шақырылым депутаты болып сайландым, «AMANAT» партиясының мүшесімін. «Қызылорда қаласына 200 жыл» төсбелгісінің иегерімін. Отбасылым, бір ұл, үш қыз, төрт немере тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!
Қызылорда қалалық мәслихатының VII шақырылымы бойынша «AMANAT» партиясының ұсынылымымен депутаттыққа сайландым.
2021-2022 жылдар аралығында «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы бойынша әлеуметтік комиссия құрамында атқарылған жұмыстар:

- АХАЖ (ЗАГС) күрделі жөндеуден өтті;
 - Қ.Мұнайпасов атындағы спорт мектебіне күрделі жөндеу жүргізілді;
 - Жастар үйі тұрғындары тұрғын үйге толық тіркелді;
 - Арай-Шұғыла м/а тұрғындарының жеке үйлеріне электр жарығы желілері тартылды;
 - Арай-Шұғыла м/а тұрғындары ауысумен қамтамасыз етілді;
 - Арай-Шұғыла м/а көшелері тегістеліп, қиыршық тас төселді;
 - Арай-3 м/а ойын алаңы салынды;
 - Арай м/а Сырдария, Гүлдәла, Бәйшешек, Алисов т.б. көшелері бойындағы тұрғын үйлерге электр жарығы желілері жүргізілді;
 - Қалалық білім бөліміне қарасты бірнеше мектепке күрделі жөндеуді қажет ететіндігі туралы ұсыныстар берілді, Абай Құнанбаев атындағы №2 мектептің, №101 мектептің жанынан қосымша ғимараттар салуға қаражаттар бөлініп, қолдау тапты, тиісті жұмыстар атқарылуда.
 - Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің, атап айтқанда: бес санаторлық балабақшалардың жұмыс уақытын өзгертуге ұсыныстар жасалды және қолдау тапты.
 - Қоғамдық көлік мәселесі турасында бірнеше ұсыныстар берілді, нәтижесінде Арай м/а қосымша №20 бағыт енгізілді.
 - Сонымен қатар 2023 жылы келесідей жұмыстар жасалды:
 - АСТАНА
 - СПМК
 - АРАЙ мөлтек аудандарында мектеп салу бойынша ұсыныс берілді, жоспарға енгізілді, оң шешімін тапты: 900 және 600 орындық мектеп құрылыстары басталады.
 - Ақтау көшесі, Қызылжар көшесінен Сыр сұлу тұйығына дейінгі бөлігін жарықтандыру жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамасына және сараптама қорытындысына 524,7 млн қаржы бөлінді.
 - Баймаханов көшесінен №264 мектеп жанындағы Ақтөбе 3 тұйығына (924 метр) жаяу жүргіншілер жолын салуға 19,352 млн теңге қаржы бөлінді.
 - Хорасан ата көшесін Мүсілімұлы көшесінен Тараз көшесіне дейінгі аралықта жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамасына және сараптама қорытындысына тиісті қаржы бөлінді.
- Құрметті сайлаушылар!**
Біздің басты мақсатымыз – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ құру жолында мен алдыма бірқатар нақты міндеттер қойдым:
1. Арай-Шұғыла м/а қарасты 9 көшеге асфальт төсеу
 2. Көше атауларын беру
 3. Инженерлік желіні ретке келтіру
 4. Көшелерді жарықтандыру
 5. Балаалар ойын алаңын салу
 6. Арай м/а қоғамдық көлік бағыттарына өзгерістер енгізу
 7. Жаяу жүргіншілер жолын салу
 8. Арай-3 м/а аяқсумен қамтамасыз ету
 9. Жеке балабақшаларда балаларды 2 жастан қабылдауға ықпал ету.
 10. Сырдария м/а көпқабатты тұрғын үйлерге кезек-кезеңмен модернизациялау жұмысын жүргізу
 11. Сырдария м/а ойын алаңдарына және аулаларына қайта жөндеу жұмыстарын жасау.
- Құрметті жерлестер!**
Сайлауалды бағдарламасында қарастырылған ауқымды жұмыстар сіздердің тараптарыңыздан қолдау табады деген сенімдемін. Қаламыздың әрбір тұрғынының жақсы өмір сүргенін қалаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№12 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Айтбаев Болат Аманбаевичтің сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Айтбаев Болат Аманбаевич 1963 жылдың 11 желтоқсанында Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Калинин совхозында (қазіргі Бұқарбай батыр атындағы ауыл) дүниеге келдім.
Мамандығым – құрылысшы. 1986 - 1990 жылдары «Сельхозэнерго» арнайы мекемесінде шебер, бөлімше бастығы қызметін атқардым.
1991-1997 жылдары «Агропромсвязь» мамандандырылған мекемесінің Жалағаш ауданы бойынша филиал директоры;
1998-2001 жылдары «Ақмешіт» ПИК төрағасы;
2001-2005 жылдары «Орталық авариялық-диспетчерлік қызметі» МКК директоры;
2005-2009 жылдары «Көркейт» МКК техникалық бақылаушы;
2009-2011 жылдары «Қасымханов» ЖК, «Стройпроектэксперт» ЖШС директорының орынбасары;
2011-2015 жылдары қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, тұрғын үй инспекциясы бөлімінің санитарлық тазалау, көркейт-көгалдандыру секторының меңгерушісі;
2015-2016 жылдары «Барыс-К», «Самғау» ЖШС директор орынбасары;

2016-2017 жылы «Агротранспорт» ЖШС директоры;
2017-2020 жылдары қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, тұрғын үй инспекциясы бөлімінің энергетика, инженерлік жүйе, тұрғын үй секторының меңгерушісі;
2021-2023 жылдары «СККВ CONSTRUCTION» ЖШС директор кеңесшісі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Әділетті Қазақстан құру – басты мақсатымыз. Бұл құр сөз болмауы керек, шын мәнінде жүзеге асуы тиіс. Мұны қарапайым халық сезінуі тиіс.

1. Мамандығым құрылысшы болғандықтан, бюджет қаржысына салынған құрылыс нысандарының сапалы әрі уақытылы салынуына мән беремін. Қашанда сапа маңызды.
2. Баға тұрақтылығы. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, баға тұрақтылығына назар аударып, тиісті мекемелердің жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етемін.
3. Тұрғындарға жайлы қала жасау – басты мақсат. Қаладағы жолдардың сапасы, жаяу жүргіншілер жолы, қаладағы инфрақұрылымның сапалы болуына аса мән беремін. Көркейт-көгалдандыру жұмыстарын жандандыруға ықпал етемін.
4. Көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыру, тұрғындарға қолайлы демалыс орындарын жасау, жеткіншектер үшін спорт алаңдарын көбейту маңызды.
5. Сапалы ауызсу, кәріз жүйелерінің құбырларын жаңғырту – өзекті мәселе. Бұл орайда тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, атқарушы билікке ұсыныстарды жеткізіп отырамын.
6. Қаланың қауіпсіздігі маңызды. Тұрғындар мен балалар үшін қауіпсіз қала жасау мақсатында жаяу жүргінші жолдарын салу, жарықтандыру, бейнеқондырғылар орнатуды көбейтуге ықпал етемін.
7. Халықтың әлеуметтік мәселесін әрдайым назарда ұстаймын. Жұмыссыздар санын азайту, халықты жұмыспен қамту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуын назарда ұстаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№19 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Садвақасова Жаннат Мылтықбаевнаның сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Садвақасова Жаннат Мылтықбаевна, 1965 жылы 8 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келдім. 1985-1989 жылдары Қызылорда педагогикалық институтының ағылшын және неміс тілдері пәні мұғалімі мамандығы бойынша білім алдым.
Еңбек жолымды 1989-1994 жылдары Қызылорда қаласында №211, 187, 235 мектептерде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
1994-1999 жж. мектеп директорының, қалалық білім бөлімі басшысының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
1999-2020 жж. №7, 217, 11 мектеп-лицей директоры қызметтерін атқарған тәжірибем бар. Қазіргі таңда «Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп» директоры қызметін атқарудамын.
2023 жылы «Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталдым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!
Еліміздің саяси өміріндегі нәтижелі реформаларды жүзеге асыруда «Аманат» партиясы халық үмітін ақтап келеді. Қоғамдағы өзгерістерді қолдайтын партияның атынан Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылдым.
Партия мүшесі ретінде менің басты міндетім – облысымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, білім беру саласы мен жастар тәрбиесін дамытуға, облыс орталығы – Қызылорда қаласының көркеюіне атсалысу.
Осы ретте «AMANAT» партиясының Қызылорда облысы бойынша 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасында айтылған аймақтың қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, партияның атынан Қызылорда қалалық мәслихат депутаттарының сайлау науқанына қатысу мен үшін жоғары мәртебе.
Құрметті сайлаушылар!
«Қуатты өңірлер – қуатты ел» концепциясы аясында білім беру жүйесін халықаралық стандартқа сай дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Еліміздің болашағы үшін осы міндеттерді жүзеге асыру менің азаматтық, педагогтық борышым деп санаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

СЫРДАН КӨМЕК: ЖҮК КӨЛІГІ ЖОЛҒА ДАЙЫН

Бауырлас Түрік еліндегі жойқын жер сілкінісі салдарынан оңтүстік-шығысындағы бірнеше қала үйіндегі айналып, тұрғындар табиға апаттан ауыр зардап шеккен болатын. Бұл қайғылы оқиғаға күллі әлем жұрты назар аударып, барынша көмек қолын созуға тырысып бағуда. Соның ішінде Қазақстанның алар орны ерекше.

Зілзаладан көп уақыт өтпей-ақ Қазақстан бауырлас елге көмек беруге асықты. Үкімет бірінші болып құтқарушыларды аттандырып, Түркия халқына көмек беруге асықты. Қазақстандық құтқарушылар қауіп-қатерге қарамастан аянып еңбек етіп, бірнеше адамды құтқарып қалды. Бүгінгі күннің батырларын қазақстандықтар да ыстық ықыласпен күтіп алған еді.
Одан бөлек жер сілкінісінен зардап шеккен түркиялықтарға гуманитарлық көмек те аса қажет болатын. Бұл мәселеге орай да Қазақстан үкіметі ең біріншілердің

бірі болып көмегін жеткізген еді. Сондай-ақ Қазақстанның әр түркірідегі тұрғындар да қол ұшын созуға асықты. Олардың қатарында сыр жұртшылығы да бар. Қазіргі таңда қажетті деп танылған жеке гигиеналық заттар мен дәрі-дәрмектер және азық-түлік қоры жиналуда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары Ерлан Сисенбиев хабарлады.

– Осы айдың басында Түркия мемлекетінің оңтүстік-шығысында магнитудасы 7,7 балды құрайтын



жойқын жер сілкінісі орын алды. Зілзала кесірінен 46 мыңнан астам адам қаза тапты. Бауырлас түрік ағайынның қайғысына баршамыз ортақпыз. Мұндай ауыр жағдайда Қала өңірінің жұртшылығы да көмегін аяп қалған жоқ. Осыдан екі апта бұрын Сыр волонтерлерінің ұсынысымен сол жағалауда орналасқан Жастар ресурстық орталығының ғимаратында гуманитарлық көмек жинау пункті ашылды. Мұнда аса қажетті деп танылған заттар тізімі бойынша тұрғындардан жылу жиналды. Бүгінгі таңда 5 тонна төсек-орын, 2 тонна тұрмыстық-шаруашылық заттары, 1 тонна жеке гигиеналық заттар, 10 тонна азық-түлік қоры мен киім-кешектер топтастырылып, арнайы жүк көлігіне тиелді, – деді «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары Ерлан Мырзалыұлы.

«Ақмешіт-ақпарат»

№6 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Бицеева Хабибат Маликсонқызының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Бицеева Хабибат Маликсонқызы 1985 жылы 2 мамырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылында дүниеге келдім. 2022 жылы №38 А.Бисенов атындағы қазақ орта мектебін бітірдім. 2002 жылы Қызылорда медициналық колледжіне оқуға түсіп, 2005 жылы «Емдеу ісі» мамандығын тәмамдадым. 2014 жылы Болашақ университетінде «Педагогика» мамандығын, 2015 Қорқыт Ата университетіне «Педагогика-психология» мамандығын игердім. Алғашқы еңбек жолымды 2005 жылы Аққұм ауылдық ауруханасында медбике қызметінен бастадым. 2010 жылы облыстық көпбейінді медициналық орталығында еңбек еттім. 2015 жылы жеке балабақша ашып, мектепке дейінгі білім беру саласында қызмет етіп келемін. Әр жылдарда ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен, қала әкімінің, облыстық қалалық білім бөлімінің «Алғаш хат», «Құрмет» грамоталарымен марапатталдым. 2022 жылы «Ізгі ниет елшісі» төбелгісін, 2023 жылы Қазақстан Республикасы білім беру саласында ерекше еңбегі мен шығармашылығы үшін «Үздік директор» төбелгісін иелендім.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен еліміз дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Ескіліктен арғылы, жаңашылдыққа бастайтын, Әділетті Қазақстанның жарқын болашағына халық үмітпен қарайды. Ал ел үмітін ақтау үшін сіз бен біздің батыл әрекетіміз қажет. Туған жерін шексіз сүйетін әрбір азамат ел дамуындағы өзгерістерден қалыс қалмауы тиіс. Мен №6 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихаты депутаттығына

кандидат ретінде халық аманатын аркалап, қала халқының әлеуметтік бағыттағы мәселелерінің орнықты шешілуіне атсалысуды мақсат еттім.

Сайлауалды бағдарламаның басты мақсаты – елдің әл-ауқатын арттыру, лайықты білім мен сапалы медицинаға қолжетімділікті арттыру, жастарды қолдау, әлеуметтік санаттағы азаматтардың мәселесін кезең-кезеңімен шешу.

Өркеніеттің алға басуы – адами капитал сапасының артуына тікелей байланысты.

Мен білім саласының маманы ретінде мектепке дейінгі, орта білім беру сапасының артуына, білім саласындағы басты индикаторлардың орындалуына, мемлекет пен бизнестің әріптестігі ретінде жаңа білім нысандарын салу жұмыстарының қарқынды жүргізілуіне күш-жігерімді арнаймын. Сондықтан сайлауалды бағдарламамда мына мәселелерге негізгі басымдық бердім.

1. Мектепке дейінгі тәрбие процесін жетілдіру. Қызылорда қаласында 2-6 жас аралығында балаларды балабақшамен қамтуды 100 пайызға жеткізу міндетін орындау.

2. Білім саласына жанашыр меценаттардың жеке балабақшалар желісін ашуға қолдау білдіру, үздік тәжірибелерді бөлісу.

3. Балабақша тәрбиешілерінің кәсіби біліктілігін арттыруда ынғаландыру тетіктерін қарастыру. Жаңа үлгідегі білім беру технологияларын енгізу.

4. Жаңа мектептердің үлесін арттыру, күрделі жөндеуді қажет ететін білім беру орындарына жағдай жасау.

5. Ынтығы кәсіпкерлерді тарта отырып, балалар ой-найтын алаңдар салу ісіне ықпал ету.

6. Инклюзивті білім алуы қажет ететін балаларға қолайлы орта жасау, мектептердің психологиялық қызметінің әлеуетін көтеру.

7. Медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін ұдайы көтеруге жағдай жасау.

8. Қала жастарының жұмыспен қамтылуына ықпал ету. Жастарға арналған ғылыми, тәрбиелік, танымдық, мәдени-көпшілік шаралардың жаңа форматта дамуына дәнекер болу.

9. Қаланы көркейтеу, қоғалдандыру мақсатында «Дария жағасындағы қала» жобасын жүзеге асыруға ықпал ету. Қаланың коммуналдық мәселелерінің орнықты шешілуіне атсалысу.

10. Жас отбасыларды қолдау. Жұмыссыз жастардың біліктілігін көтеру, қайта мамандыққа бағыттау. Жас отбасылар үшін жеңілдетілген несиелер арқылы баспана алуға мүмкіндік жасау. Конкурстық негізде жас кәсіпкерлерге төмен пайыздық несиелендіру жобасын жүзеге асыруға ықпал ету.

Қадірлі жерлестер!

Ел игілігіне қызмет ету – абыройлы міндет! Халық сенімінен шығып, депутаттық аманатқа адал болу – басты парызым.

Мемлекет мүддесі жолында алған білімім мен жиған тәжірибемді халықтың әл-ауқатын арттыруға бағыттаймын және бағдарламамда айтылған әрбір тармақтардың орындалуына аянбай қызмет етемін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Омарбеков Нүрәлі Жақсыбекұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Омарбеков Нүрәлі Жақсыбекұлы 1982 жылы Түркістан қаласы, Майдаңтал елді мекенінде дүниеге келдім.

2005 жылы Көкшетау қаласындағы «Көкше» академиясын «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша аяқтадым.

Кәсіби еңбек жолымды Қызылорда қаласындағы №217 «Б.Шалғынбаев» атындағы білім ордасында ұстаздық қызметінен бастадым.

2014-2016 жылдары Қызылорда қаласындағы «Қ.Мұхамеджанов» атындағы №1 мектеп-гимназиясында мұғалім болып жұмыс істедім.

2016-2020 жылдары Қызылорда қаласындағы №173 «С.Молдағұлова» атындағы орта мектепте директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқардым.

2020-2021 жылдары Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері болып қызмет атқардым.

Қазіргі таңда Белкөл кентіне қарасты Бірқазан ауылындағы №145 «Бірқазан» орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарудамын.

Қызылорда облысының білім басқармасы мен Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Құрмет грамотасы» иегерімін.

Отбасында 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушы!

Біздің басты мақсатымыз – ӘДІЛЕТТІ, Жаңа ҚАЗАҚСТАНДЫ құру жолында күш біріктіру. Әрбір Қазақстан азаматының жақсы өмір сүру мүддесін қолдау мақсатында мен алдыма бірқатар нақты міндеттер қойдым:

1. Тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай оң шешімдер қабылдау;

2. Округке қарасты елді мекендердегі ауылдың ішкі жолдарының толық және қайта асфальттау жұмыстарын қадағалау;

3. «Абай атындағы №138 орта мектебі» КММ жобалық-сметалық құжаты бойынша күрделі жөндеу жұмыстарына қаражат бөлуге ықпал жасау;

4. Абай, Қарауылтөбе, Бірқазан елді мекендеріндегі киыршық тас төселетін көшелердегі жұмысты бақылау;

5. Кент, ауылдарға қажеттілікке орай балаларға арналған ойын, спорт алаңдарын салу. Спорт комплекстерін салуға және арнайы жаттықтырушылармен қамтамасыз ету;

6. Елді мекендердегі аяқсу мәселесін шешу;

7. Ауыл мектептеріндегі интернет желісін күшейту, ретке келтіру;

8. Ауыл мектептерінің білім сапасын көтеруде заманауи кабинеттер және құрал жабдықтармен қамтамасыз ету;

9. Түнгі жарық бағаналарын барлық көшелерде орнату жұмыстарын қадағалау;

10. Қоғамдық көлік қызметін реттеу;

11. Тазалық, қоғалдандыру жұмыстарын пысықтау;

12. Елді мекендердегі ауылшаруашылық саласын дамыту;

13. Қоғамдық қауіпсіздік мәселесін басты назарда ұстау. Жастар арасындағы қылмысқа, табиғат апаттарынан болатын төтенше жағдайдың алдын алуға және оған желел әрекет ету үшін тиісті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс жасау маңызды деп есептеймін.

Құрметті жерлестер!

Сенім – үлкен жауапкершілік!

Жаһандану заманында жақсы лайықты өмір сүру үшін сайлаушылардың мүддесіне байланысты әрбір талап-тілекті бей-жай қалдырмау үшін Сіздердің қолдауларыңыз өте маңызды!

Қазақстанның әрбір тұрғыны жақсы өмір сүруге лайықты!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№16 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Байсалова Жайдары Адиловнаның сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Байсалова Жайдары Адиловна, 1985 жылы 15-ші маусымда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келдім.

Орта білімді Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылындағы №139 негізгі орта мектепке 1992 жылы мектеп табалдырығын аттап, 2003 жылы тәмамдадым. Сол жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетіне «Педагогика және психология» мамандығына оқуға түстім.

2020-2022 жылдары жылы Семей қаласында Әлихан Бөкейхан университетінде «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқып, педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін алдым.

2010-2011 жылы алғашқы еңбек тәжірибемді Қызылорда гуманитарлық университетінде кафедра меңгерушісінің көмекшісі болып бастадым.

2018 жылдан бастап Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінде «Педагог-психолог» қызметін атқарып келемін.

Тұрмыстамын, төрт баланың анасымын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Әділетті Қазақстанды құруға әрбір азаматтың белсенділігі қажет. Біз әділдік пен тәртіпті, нақтылықты өзімізден бастасақ дейміз. Осы орайда алдағы сайлауда қалалық мәслихат депутаттығына кандидатурамды ұсына отырып, өзімді тұратын қаланың өркендеуіне үлес қосқанды жөн көрдім.

– Қауіпсіз қала. Тұрғындар үшін өз қаласы жайлы да қауіпсіз болуға тиіс. Осы орайда қаламыздың қауіпсіз қалаға айналуы үшін тиісті жұмыстар жасалуына ықпал етемін.

– Сапалы инфрақұрылым. Бұл – тұрғындар үшін басты қажеттілік. Көпқабатты үйлерді жаңғырту, жарық, жол, ауызу, аяқсу мәселелерін қамтамасыз етуге әрдайым тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, атқарушы билікке жеткізіп отырамын.

– Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға назар аудару – менің басты мақсаттарымның бірі. Бұл орайда тұрмысы төмен отбасылардың шағын кәсіппен айналысуына қолдау жасау әрдайым назарымда болады.

– Отан отбасынан басталады. Жағдайы төмен отбасыларға және қиын жағдайда қалған, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған, соның ішінде көпбалалы аналарға және жалғызбасты әйелдерге психологиялық қолдау көрсету қажет.

Қазіргі таңда өз салам бойынша күнделікті жұмыс тәжірибемде жасөспірімдер мен олардың ата – аналарына психологиялық кеңес беріп жүрмін. Жастардың болашағы жарқын болуының бірден-бір көрсеткіші отбасындағы психологиялық ахуалдың жақсы болуы міндетті деп ойлаймын.

– Жастар тәрбиесі – қоғамның өзекті мәселесі. Қазіргі кезде жастардың интернетке тәуелділігі психологиялық дағдарысқа әкелуде. Психолог маман ретінде жастарға психологиялық қолдау көрсету маңызды. Бұл мақсатта қаламызда тегін психологиялық қолдау көрсететін орталық қызметін ұйымдастыруға ықпал етуге тырысамын.

– Білім, денсаулық сақтау, спорт және мәдениетке қолжетімділікті арттыру.

– Жастардың ақысыз жақсы білім алуына және мамандығына сәйкес жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасау;

– Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында және зиянды әдеттер мен қылмыстың алдын алу шараларын ұйымдастыруға ықпал жасау.

Әділетті Қазақстанның басты талабы – халық үнін есту. Бұл мақсатта тұрғындардың әрбір ұсыныс пікірін назардан тыс қалдырмай, халықтың талап-тілегінің орындалуына атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Мен Қызылорда қаласының тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсарту мақсатында алға қойған міндеттерді шешу үшін депутат болуды жөн санадым. Таңдау өзіңізде.

Біз бірікпек қана, алға қойған барлық мақсаттарымызға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін!

Біздің күшіміз бірлікте!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Халқына қызмет еткен тұлға

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің 125 жылдығына орай Қызылорда қаласындағы Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінде «Халқына қызмет еткен тұлға» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Ол елдің жарқын болашағы үшін қазақ өнері мен білімін дамытуға үлкен үлес қосқан жан. Тағылымы мол өнегелі ғұмырын кейінгі өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау – басты міндет. Рухани шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет, «Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор» төрағасы С.Аңсапов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, профессор Айтжан Оразбақов, білім саласының қызметкерлері мен ғалымдар, ардагерлер және Темірбек Қараұлының туыстары қатысты.

Шара барысында арнайы көрме ұйымдастырылып, Алаштың аяулы ұлының өмір тарихынан оқушылар



қойылым көрсетті. Т.Жүргеновтің қайраткерлік, қаламгерлік, азаматтық болмысы жайында ардагерлер мен ғалымдар ой-толғамдарын айтты. Сондай-ақ «Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор» төрағасы С.Аңсапов баяндама жасап, қайраткердің ел тарихында алар қоғамдық-саяси орны, қаламгерлік мұрасы, жас ұрпаққа берер өнегесі туралы кең ауқымда әңгімелеп, тың ұсынысын ортаға салды.

Конференцияда облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет ұлы тұлғаның оқу-ағарту саласындағы еңбегіне тоқталып, мерейтой аясында аймағымыздағы білім беру ұйымдарында іс-шаралар өтетіндігін жеткізді.

– Темірбек Қараұлы мектеп салу ісіне ерекше мән берді. Сол уақытта мемлекет есебінен 3 мыңдай, қолхоздар қаржысымен мыңға жуық мектеп салдырып. Бір Алматының

«Ақмешіт-ақпарат»
Суретті түсірген **Н.НҮРЖАУБАЙ**





Отбасы

ҚАДІРІНДІ КЕТІРДІ-АУ, ҚАЙРАН БЕСІК...

Қоқыстан бесіктің суретін көргенде ішіміз қан жылады. Себебі «бесікті отқа жақпа, аяқасты етпе, қадірлеп ұста» деп естіп өскен ұрпақпыз. Киелі құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептелетін бесікті көшедегі қоқысқа тастай салған жан оның қадірлі екенін білмеді ме екен? Ата-баба дәстүрін аяққа тастайтындай не құн туды? Қадірінді кетірді-ау, қайран бесік...

Жаңа туған баланы бесікке бөлеу халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі екені белгілі. Ол нәрестені бөлеуге арналған киелі ағаш төсек. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға

ыңғайлы болған. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін төсегіне жаймайды. Шүмекті қойдың асықжілігінен жасайды. Бесік негізінен ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым болып саналады. Бұрындары баласы көп үйдің бесігін жақсы ырымға балап, тек жақын туыстары қалап алып, жаңа түскен келіннің отауының төріне қоятын болған. Сондай-ақ бесікті ашық қалдырмайды, орап қояды. Бос бесіктің өзін анда-санда отпен аластап, отырған. Бұл сәбиді бөле-жаладан қорғағанның белгісі. Мұндай көріністер қазіргі уақытта таңсық болып бара жатыр.

Иә, бүгінде баланы бесікке бөлеу азайған. Бүгінгі ұрпақ бесік жырын естімей өсіп келеді. Алайда «әлди, әлди» әнімен балбырап ұйқыға кететін сәби санасына ұлттық ұғымның сіңуі де осы кезден басталады. Демек бұл ұлттық тәрбиеден алшақтап бара жатқанымыздың айқын көрінісі. Дамыған заманда түрлі жиһаздар шығып жатыр. Мәселен, сәбиге арналған түрлі керуеттер де көп. Оларды қызығып қарасаң, көзін тоймайды. Сәбиң сондай әлемі дүниеде жатып болса, керемет емес пе! Міне, бүгінгінің жас келіндері осындай заманауи дүниелерге қызығады. Бұл сөзімізді екі баланың анасы Меруерт те қоштайды.

Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ



Бала тәрбиесіне бей-жай қарайтын қазақ емеспіз. «Баланы өскенше, немерені өлгенше» деп тәлім беріп, ұлағатты ұрпақ қалыптастыру – салтпен сіңген қазақы қасиет. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов ел болуды бесіктен бастаған жөн екенін айтады. Бұл тұрғыда балаға ата-әженің де тәрбиесі қажет-ақ. Бүгінде қоғам талқылауына түскен заң көпшілікті алаңдатып қойғандай.

АТА-ӘЖЕМЕН ҚАТЫСУДЫ ЗАҢ ШЕШЕ МЕ?

Атап айтсақ, елімізде ата-аналары ажырасқан немерелердің ата-әжелерімен араласу құқығы заңдастырылмақ. Бұл туралы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» құжатында жазылған. Құжат Ашық НҚА порталында жарияланды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңына бірнеше өзгерту мен толықтыру енгізілді.

Соның бірі – ата-анасы ажырасқан баланың ата-әжесімен араласу құқығы. Құжат бойынша 73-1-бапқа сәйкес, бала атасы, әжесі, бауырлары және басқа туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқылы.

«1. Аталар, әжелер, бауырлар, әпкелер және басқа туыстар баламен араласуға құқылы. Ата-аналар (олардың біреуі) баланың жақын туыстарына онымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін беруден бас тартса, дауды Қазақстан Республикасының Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайтын тәртіппен қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган шешеді», – делінген құжатта.

Ал қорғау не қамқорлық етуді жүзеге асыратын органның шешімімен келіспеген жағдайда дауды медиация тәртібімен немесе қорғау не қамқорлық етуді жүзеге асыратын осы органның қатысуымен сот шешеді.

Қазіргі қолданыстағы заңда көрсетілмеген жаңа бап туралы қоғам пікірі екіге жарылды. Көпшілік жаңа бапқа қуана қоймаған. Кейбіреулер ата-әженің немеремен қарым-қатынасы заңмен реттелмеуі қажеттігін алға тартады.

Бұрын «Кімнің баласысың?» дегенде балалар «атамның» деп атасының атын алдымен айтатын. Міне, атаға, үлкенге құрмет осыдан басталады. Тәрбиенің басы да осы. Ал бүгінгі ұрпақтың көбісі ата-әжесінің кім екенін де танымайды. Себебі қоғамда ажырасу азаймай тұр. Ұрпақ тәрбиесіне немісқарайлы қарайтын әке-шешелер көбейіп бара жатыр. Жақында ұлттық статистика бюросы қазақстандықтардың ажырасуы туралы мәліметтерді жариялады. Ведомство мәліметінше, 2022 жылғы қантар-желтоқсан аралығында елімізде 128,5 мың шаңырақ көтерсе, 17,7 мың отбасы ажырасқан. Бұл қаншама баланың ата-әже, тіпті әке тәрбиесінен алшақтап қалғанын көрсетеді.

«Қариясы бар елдің қазынасы бар» демекші, бір қарияның өзі сарқылмас дариядай сүйіспеншілік пен ұлттық менталитеттің таптырмас бұлағы. Сондықтан сол бұлақтан сусындаған баланың да жаман болмасы анық. Тұла бойы махаббатқа тұнған ата-мен өженің берген іліміне ештеңе жетпейді деп ойлаймын. Әженің немереге деген мейірімі, махаббаты ерекше болатыны сөзсіз. Баланың құқығын қорғаймыз деп, олардың арасын алшақтатсақ, ұлттық құндылық қайда қалады? Осыз да қазіргі уақытта ата-әжесін іздейтін бала азайған. Біз бұл тұрғыда ұлттық менталитетті жоюға асығып жатқандаймыз. Баланы тәрбиеден жұрдай тасбауыр етпекпіз. Мәселен, отбасы туралы заңға ата-әжесінің немересімен араласуға хақы бар, яғни әке-шеше рұқсат беруі керек дейтін жаңа бап енетін болса, онда ол бала өз ата-бабасының кім екенін танымауы да мүмкін ғой. Әрбір балаға ата ақылы мен әже мейірімі қажет-ақ. Мейірім мен қамқорлықтың озық үлгісін көрсетуші солар емес пе? Сондықтан қандай жағдай болса да ата-әже мен немере арасы алшақтамауы тиіс. Тіпті отбасы ажырасқан жағдайда қайта немересін ата-әжеден алшақтатпайтынды мүмкіндіктер қарастыру қажет. Баланың тәрбиесіне тек ата-ана емес, сонымен қатар ата-әжелер де атсалысуы қажет. Олардың бала тәрбиелеудегі ролі ерекше десек артық болмас. «Өз баланды өскенше, немеренді өлгенше», «Балам балдан тәтті, немере одан да тәтті» деп халық даналығы айтқандай, қазыналы қарттарымыз үшін немеренің орны бөлек. Адам бойындағы асыл қасиеттер отбасында қалыптасады. Ал ұлттық тәрбие, нағыз қазақы тәлім-тәрбиенің өзегі әжелер мектебінен бастау алады, – дейді зейнеткер, көпбалалы ана Дамат Матенова.

Ата мен әже – отбасының алтын қазығы екені анық. Бұрын шаңырақтың тірегі де сол кісілер болатын. Немересінің маңдайынан сүйіп, барлық мейірімін немересіне көрсетіп жатады. Ал бүгінгі қоғам балаларды сол мейіріммен айырмашы. Ата мен әженің немеремен қатысуын заңмен реттемек.

Айта кетейік, жаңа бап 24 ақпанға дейін қоғам талқылауына ұсынылған. Оның қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетеді.

Ауылда үлкен шаңырақта тұрамыз. Сондықтан аулеттің немере-шөберелері бірінші біздің үйге келеді. Балалар жазғы демалыста ауылда асыр салып ойнайды. Үйдің іші сәбилердің шат-шадьман күлкісіне толады. Сырттай бақыласаң, олар бір-бірімен жөн сұрасады. Жеті атасын сұрайды. Әрине, олардың жеті атасы бірдей. Дегенмен арасында білмейтіндері бар болып шықты. Оған, әрине, ата-ана кінәлі деп қараймыз. Бүгінгі таңда өз перзенттеріне қажетті тәрбиені сипіре алмай-тындар бар деген сөз.

Бұрынғылар «Ата-тегің кім? Жеті атаңды білесің бе?» деп жөн сұрасқанын ұмыта қойған жоқпыз. Алайда қазіргі ұмыта бастағандай. Ал өз ұрпағына жеті атасын үйрету – атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Сырлария ауданы, Бесарық ауылының тұрғыны Серіжан Жүнісбаев осыны берік ұстанған. Сондай-ақ бауырмалдықты, әрбір жанмен танысып-біліскенде ру сұрасқанды жөн санайды. Аталған қасиеттерді перзенттерінің санасына құйып отырады.

Расында ата-тегімізді білудің мәні зор. Себебі ұлтымыз жоғалмасын десек, ұрпақ саулығын, қан тазалығын ойлаған абзал. Ол ұрпақ бойына сіңіру арқылы жүзеге асады.

Әсіресе, ауыл балалары жеті атаны жатқа айтады. Сәбидің тілі шыға бастағаннан әке, атасының атын айтып, руын үйреткені жөн. Бүгінде бүлдіршін мультфильм кейіпкерін, футбол командасының ойыншыларының есімдерін жатқа айтады. Сондықтан есін білгеннен жеті атасын зердесіне сіңірсе, кіммен қай жерден туысатынын біліп отырады. Жеті атасын, ру сұрауды қазір дұрыс түсінбейтіндер оған оң баға беріледі. Пайғамбарымыздың «Сүйген жарымды әріден таңда» деген хадисі бар. Хакім Абай «Сыйласарлық тектінің, кім танымас нұсқасын» деп жеті ата дәстүрінің мәнін ұғындырған.

Себебі

Жақын адамдардың қаны араласса одан дені сау бала дүниеге келмейді деген түсінік қалыптасқан. Яғни, жастарымыз сезімнің әсерімен ертеңгі күні онык жеп қалмауы тиіс. Сондықтан да білгенді айтып отыру бізге міндет. Балаға әкеден бастап, ағайын-туысты, нағашы жұрты, алыс-жақынның кім екенін ұғындырып, ата-тегің, руың санасына сіңіріп өсіру керек. – дейді Серіжан Жүнісбаев.

Бұл қағидалы ұстану тек аталарының есімдерін білумен шектелмейді. Ол – өз абыройы, отбасы құндылығы ғана емес, ұлттың болашағына ықпал ететін қозғаушы күш. Сонымен қатар осы дәстүр негізінде қыз алыспау бүгіндей қазақ халқының салауатты ұрпақ тәрбиелеуге назар аударғанын көрсетеді. Сонау ғасырлардан бері санамызға тоқталып, қанымызға сіңген осы тыйым қаның тазалығы мен тектіліктің асылдығына кепіл екені даусыз. Оны бүгінгі ғылым да зерттеп, тайға таңба басқандай жария етіп отыр.

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ҰЛ



Қазіргі таңда жеті атасын жазып қоятын шежірелі тақталары жасатып, үйге іліп қоятын үйлер де бар. Бүгінгі уақытта осы үрдісті көп отбасы үлгі етіп келеді. Мәселен, қабырғада ілулі тұрған шежірелі тақта балалар жеті атасын жаттап алуға ең оңай тәсіл. Одан бөлек ата-бабаға құрметтің белгісі. Мұның айналдып келгенде, жеті атасын білуге септесетіні мәлім. Діни тұрғыда да оған оң баға беріледі. Пайғамбарымыздың «Сүйген жарымды әріден таңда» деген хадисі бар. Хакім Абай «Сыйласарлық тектінің, кім танымас нұсқасын» деп жеті ата дәстүрінің мәнін ұғындырған.

Бетті дайындаған
Айгүлжан АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мәзіріне жарнама беруші жауапты.

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас. Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.

Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды.

Ғабиден Мұстафин

Бала нені білсе жастан, ұядан – өле өлгенше соны таныр қиядан.

Жүсіп Баласағұн

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер.

Махмұд Қашқари

Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге.

Жүсіпбек Аймауытов

Әке-шешенің өтірігі бала жүрегін суыңдыра береді.

Бір кезде ол өтірікті бала да айтады.

Ғабит Мүсірепов

Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең.

Дулат Бабатайұлы

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Хабарлау таралымы бойынша 70-14-08 телефонына газетіңізге болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2922 Тапсырыс №318

Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА